

Райымбек аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 4-24 "Райымбек ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 37-177 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 5 мамырда № 4679 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Райымбек аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Райымбек аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 4-24 "Райымбек ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3843 болып тіркелген, 2016 жылғы 23 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Райымбек аудандық мәслихатының " Жергілікті өзін-өзі басқару, қаржы және бюджет, экономикалық саясат, инновациялық даму, кәсіпкерлік, туризм, аграрлық мәселелер, экология, табиғатты пайдалану мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың
хатшысы*

С. Мүсірбаев

Е.Құдабаев